

**Мәмбетов Ж.О.<sup>1</sup>, Байтемір А.Т.<sup>2</sup>,**

Сүлейман Демирел Университетінің <sup>1</sup>доценті, ф. ф. к.,  
<sup>2</sup>2 курс магистранты, Қазақстан, Қаскелен қ.,  
e-mail: zholdas\_19@mail.ru, e-mail: ayajan.baitemirova@mail.ru

**ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ҰСТАЗ БЕЙНЕСІ  
ЖӘНЕ ОНЫҢ ТӘРБИЕЛІК-ЭСТЕТИКАЛЫҚ МӘНІ**

Бұл мақалада қазақ поэзиясындағы ұстаз образы сөз етіледі. Жалпы қазақ танымындағы ұстаз ұғымына тоқталып, қоғамда оның алар орны айтылып өтеді. Жас ұрпақты білім нәрімен сусындатқан ұстаздай ұлы тұлғаны жырға қосқан ақындар шығармаларын талдай отырып, оның мән-мағынасын жан-жақты ашу көзделген. Бұл тақырыпты зерттеудің қажеттілігіне тоқталып, оның өскелең ұрпақты тәрбиелеуде қолданысқа енгізілу зәрулігі айтылады. Жастар тәрбиесінде ұстаздың орнын анықтап, оның поэзиядағы көркем бейнеленуі жан-жақты қарастырылған. Ақындардың образды сомдаудағы тақырыптық идеялық ізденістеріне мән беріледі. Әдебиет пен тәрбиені ұштастыру арқылы, жас ұрпаққа эстетикалық тәрбие берудің жолдары зерделенген. Аталған мақалада қазақ әдебиеттануында арнайы зерттеудің объектісіне айнала қоймаған рухани-этикалық және эстетикалық болмысы бар құбылыс тұңғыш рет тексеріліп талданды.

**Түйін сөздер:** қазақ поэзиясы, ұстаз, тәрбие, эстетика, көркем бейне.

Mambetov Z.O.<sup>1</sup>, Baytemir A.T.<sup>2</sup>,

<sup>1</sup>c. p. s. docent, <sup>2</sup>master`s student  
of II year Suleyman Demirel University, Kazakhstan, Kaskelen,  
e-mail: zholdas\_19@mail.ru, e-mail: ayajan.baitemirova@mail.ru

**The image of the teacher in Kazakh poetry  
and his educational-aesthetic role**

This article describes the image of the teacher of Kazakh poetry. In general, in the Kazakh knowledge we are talking about the concept of the teacher, his role in society. Analyzing the works of poets who made a great personality of the younger generation, it is supposed to comprehend its meaning. In particular, it should be noted the need to study this topic, that it needs to be applied in the education of the younger generation. We have tried to determine the place of the teacher in the education of young people, to show its features through reflection in poetry. Special attention was paid to the thematic ideological research of poets in the performance of images. The goal is to educate the younger generation through literature. In the Kazakh literature for the first time the phenomenon of spiritual, ethical and aesthetic nature which has not become the object of special research is analyzed you.

**Key words:** kazakh poetry, teacher, education, aesthetics, image.

Мамбетов Ж.О.<sup>1</sup>, Байтемір А.Т.<sup>2</sup>,

<sup>1</sup>к. ф. н. доцент, <sup>2</sup>магистрант 2 курса  
Университета Сүлеймана Демиреля, Қазақстан, г. Қаскелен,  
e-mail: zholdas\_19@mail.ru, e-mail: ayajan.baitemirova@mail.ru

**Образ учителя в казахской поэзии и  
его воспитательно-эстетическая роль**

В данной статье описывается образ учителя в казахской поэзии. В частности, речь идет о понятии учителя и его роли в обществе. Анализируя произведения поэтов, которые воспитывают молодое поколение, осмысливается их значение. Следует отметить актуальность и необходимость исследования этой темы, так как она важна в применении в воспитании подрастающего поколения.

Авторы определяют место учителя в воспитании молодежи, показывают его особенности через отражение в поэзии. Особое внимание было уделено тематическим идейным изысканиям поэтов в исполнении образов. Цель исследования состоит в том, чтобы обучить молодое поколение через литературу. В казахской литературе впервые проанализировано не ставшее объектом специального исследования явление духовно-этической и эстетической природы.

**Ключевые слова:** казахская поэзия, учитель, воспитание, эстетика, образ.

## Кіріспе

Қазақ әдебиетінде сан алуан образдар сомдалып, қазақ поэзиясындағы әйел образдары, хан, батыр, қараша халық т.б. бейнелер көптеген ғылыми жұмыстардың зерттеу нысаны болғаны мәлім. Алайда, ұстаз бейнесі көптеген шығармаларға арқау болып келсе де, әлі де болса, зерттеле қойған жоқ. Қазақ прозасындағы ұстаз бейнесінің сомдалуы біршама зерттеушілердің нысанасына айналғанымен, поэзиядағы берілуі әлі бірде бір рет зерттеле қойған жоқ. Адамзат санасын біліммен нұрландырып, болашақ ақынды, мәдениет, қоғам қайраткерлерін, ел тұтқасын ұстайтын ерді – түрлі мамандық иелерін тәрбиелейтін ұстаздар қауымының орны қай заманда да ерен. Ұстаздың алдын көрмеген ғалым да, қайраткер де, қаһарман батыр да жоқ. Бүгінде алынып отырған тақырыбымыз – Қазақ поэзиясындағы ұстаз бейнесі және оның тәрбиелік эстетикалық мәні. Аталмыш тақырып турасында зерттеудің зәрулігі егемен еліміздің дербес дамуының рухани-мәдени талаптарынан да туындайды деуге болады. Сонда аталмыш тақырыптың терең маңыздылығы ұлттық болмысымызды қайта түлету, ұлттық тұтастықты нығайту, жас ұрпақ тәрбиесіне ықпал ету мақсатын көздеуінде. Қазақ поэзиясы туралы бұл мақаладағы мақсатымыз ұлттық санадағы ұстаз бейнесінің бейнеленуін жан-жақты талдай отырып, оның ел болашағы жас ұрпақты тәрбиелеудегі рөлін айқындау болмақ.

## Негізгі бөлім

Көреген қазақ бауыр еті баласын «Сүйегі – менікі, еті – сенікі» деп, ел арасында ғылым-білімімен, өнерімен аты шыққан жақсы-жайсаңдарға тапсырған. Қазақта білім үйретуші ұстаздың орны жоғары бағаланған. Білім үйрету ең сауапты әрі қадірлі іс болып есептелген. «Садақаның ең жақсысы – ілім үйреніп, оны басқаларға үйрету» деп білген қазақ көзі ашық, білімді адамның тұғыры қашанда биік тұратындығын, ілім үйретушіні әрдайым сый-

лап, құрметтеу керектігін дәріптеген.

Мұғалім сөзінің түп төркіні араб тілінен енгені белгілі. Арабша-қазақша түсіндірме сөздікте бұл сөз «оқытушы, ұстаз, шебер» деген мағынаны береді. Ұстаз – шеберханасынан талай ғалымдарды, қоғам қайраткерлерін, ел жанашырларын болаттай шыңдап шығаратын шебер. Ұстаз еңбегінің жемісін өзі көрмесе де, ел көреді.

Қазақ поэзиясындағы ұстаз образының жинақталып, типтендірілу сипаттарын, идеялық-көркемдік құндылықтарын, ұстаз образына ғана тән характерлік, психологиялық ерекшеліктерді айқындау арқылы оны іс жүзінде мектептерде, басқа да оқу орындарында оқушыларға тәрбиелік эстетикалық тұрғыда қолдау көрсетуге болады. Қазақ поэзиясындағы ұстаз образының сомдалу сипаттарын, ерекшеліктерін ашу, қазақтың танымындағы ұстаз «идеалын» анықтау, рөлін зерттеу арқылы ғана біз мақсатымызға айқын жетуімізге болады.

Поэзияда ұстаз бейнесінің көркем жинақталу сипаттары прозадағы образдың берілуінен әлдеқайда өзгеше болып келеді. Себебі, ұстаз бейнесін жасаудағы авторлардың, ақындардың қолданған көркемдік әдіс-тәсілдері, ұстаздың характерін берудегі, портретін жасаудағы ерекшеліктері өзгешелеу болатыны хақ. Ұстаз бейнесін сомдаудағы идеялық ізденістері жазушыларға қарағанда да өзгеше болатыны анық жағдай. Ақындардың ұстаз образын сомдауда қандай идеялық ізденістерге барғаны ол қаламгердің өзіндік поэзиядағы қолтаңбасы деп тануға болады. Чернышевский әдебиетті «өмір оқулығы», Горький «адам тану ғылымы» деді. Демек, әдебиеттің негізгі материалы адам екені – ол да белгілі. Бір көркем әдебиеттік шығарманың адам атымен аталатыны да – содан. Осының барлығы келіп, әдебиетте негізгі нәрсе – адам образы дегенді анықтай түседі. Шығарманың арқалайтын негізгі жүгі, қоғам және ұстаз мәселесі, адами мінез қайшылықтары, образды бейнелеудегі автор позициясы, бұл пікірлердің бүгінгі күнмен сабақтастығы деген секілді мәселелерге де шығарма толық жауап беруі қажет. Себебі, кез келген шығарма оқушыларға

ұсынылғанда оның жас жеткіншекке берері болу қажет. Мектептегі бала өзіне берілген шығарманы оқи отырып, танымының кеңеюі, болашақ саналы, патриот азамат ретінде қалыптасуына өз пайдасын тигізуі ақынға артылар жүк. Яғни, бұл дегеніміз поэзиядағы ұстаз образының жастарға ұлттық тәрбие берудегі рөліне басымдық танытылуы керек.

Ұстаз ұғымын сөз еткенде, оның поэзияға қатысын зерттеуге бекінгенде қазақ халқының аса көрнекті ағартушысы, жаңашыл педагог, жазушы, ақын, қоғам қайраткері Ыбырай Алтынсаринді атап өтпеу мүмкін емес. Ен жайлаудың дала қоңырауына айналған алғашқы ұстаз Ыбырай жайлы жазылған шығармаларда қомақты. Қара сөз қаламына телінген Ыбырай образы поэзияда да сөз етілді. Жас жеткіншіктерге бұл тақырыпты түсіндіру барысында міндетті түрде Ыбырайдан бастау шарттылық секілді. Себебі, ұстаз ұғымы мен Ыбырай қазақ қоғамында, әдебиетінде егіз ұғымдай қалыптасып кеткен деуге әбден болады. Сондықтанда, мақаламызда талдауды Ыбырайға арналған туындылардан бастауды жөн көрдік. Алтынсарин өз халқын жоғары бағалаған. Ол нағыз ұстаз жолымен жүрген педагог. Ауылдарды аралап, халыққа мектептің пайдасы туралы әңгіме жүргізеді. Бұл сөздерімізге Мұзафар Әлімбаевтың мына өлең жолдары дәлел:

«Қараңғы қазақ көгіне»  
Ғылыммен жаққан жарық күн,  
Өлмеске келген өмірге  
Ұстазы – Ыбырай халықтың!  
[Әлімбаев, 2009:257]

Ұстаз – тәрбиелеп отырған шәкірттері үшін үлкен тұлға. Шәкірт сол ұстазға қарап бой түзейді. Бала тәрбиесінде мектептің орны қандай қомақты болса, сол мектепте тәрбиені жүзеге асырушылардың бірі де бірегейі осы ұстаздары. Тағы бір өлең жолдарында М. Әлімбаев осы ұстаз тұлғасын суреттейді:

Сүйікті, парасатты мұғалімім!  
Өзіндей адам жанын ұғады кім?!  
Бас иіп шәкіртіндей құрмет тұтып,  
Алдынан алғыс өлең шығар бүгін.  
[Әлімбаев, 2009:375]

Ұстаз бейнесі – шәкірт үшін адамгершіліктің ең жоғарғы үлгісі. Ұстаздың лаулаған жалыны әр жүрекке жылу сеуіп, нұр құятын қуаттың,

өмірлік энергияның қайнар көзі. Ұстаздық – сезім. Келешек үшін тырмысып, жан аямай күрескен, өз бойындағы пендешілігін жая білген жан. Тіршіліктегі шырақтың сөнбес ошағы. Ұстаз еңбегі – ұлы еңбек. Сондықтан да ұлы ақын Абайдың:

Ақырын жүріп, анық бас,  
Еңбегін кетпес далаға.  
Ұстаздық еткен жалықпас  
Үйретуден балаға  
[Құнанбаев, 2006: 174], –

деп айтуында терең мағына жатыр.

Егер әр адамның жүрегінде ізгілік сәулесі болса, ол – мұғалімнің еңбегі. Сол нұрды жеткіншектің жүрегіне сіңіру үшін қаншама тер төкті десеңізші! Дүниеде адамды тәрбиелеп, азамат атандырғаннан артық абырой мен құрмет жоқ шығар, сірә?! Оқушыларға рухани тұрғыда тәрбие беруде, олардың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіруде Ыбырайдың шығармалары мен оған арналған шығармалар таптырмас қазына деуге болады. Оқушылар танымына, санасына мінсіз Ыбырай ұстаздың бейнесін сіңіру арқылы еліне адал қызмет ету, ұлы мамандық жолының қадір қасиетін түсіндіру таптырмас әдіс.

Ақындар көбінде кімдерді өзіне ұстаз тұтады? Кейбір ақын үшін оған тәлім тәрбие берген адам, әлдебіреу үшін күнделікті келіп дәрісін өткен адам. Ал, кей адамға өмірдің өзі ұстаз. Мұғалім деген атты алу кез келгеннің қолынан келу мүмкін, бірақ, ұстаз болу аса қиын жол. Тура солай ұстаздың да мыңдаған шәкірттері болуы мүмкін, алайда, нағыз өз шәкірті сирек. Шәкірт санасында мәңгі ұстаз тұлғасымен сақталу кез келгеннің қолынан келе бермейді. Көптеген әдебиетшілердің ұлы ұстазына арналған тұлғалардың бірі кемеңгер жазушы Мұхтар Әуезов. Мұханның дәрісін тыңдаған, көзін көрген Қалижан Бекқожин өлең жолдары арқылы ұстазының толықтай образын жасай алған деуге болады. Ақындар тұтас тұлғасын бейнелеуде көркемдік теңеулерді шебер қолдана отырып, шындыққа жақын суреттеуге тырысқан. Өз ұстазының тұлғасын жасауда нағыз суреткерлік қабілетін аша түскен.

Өлемнің жарығынан алыстау маң,  
Абайды тебіренгі Шыңғыстаудан.  
Қырына сөз нөсері себеледі,  
Жаңбырдай көктемдегі тұңғыш жауған.  
[Бекқожин, 2014:130]

Ақын ұстазының бейнесін сөз еткенде Абайға міндетті түрде тоқталып өтуі заңдылық. Себебі, бар ақынның да жазушы қаламгердің де, әдебиетке аяқ басқан әр тұлғаның ең алғашқы бет тұтары ұлы Абай емес пе? Мұхтар бейнесін жасауда Абай арқылы сабақтастықта қарау көп ақындарда кездеседі.

Ол жүрген жерде жайнап арайлы күн,  
Ізінен шартарапқа таралды үн.  
Әйгілеп қазақ даңқы дүниені  
Мұхтанмен аралап жүр Абай бүгін.  
[Бекқожин, 2014:185]

Мұхтарды ұстаз ретінде жырға қосқан ақындар оны Абаймен бірлікте қарастыратыны шартты. Мұндай жағдайды Әбділдә Тәжібаевтың «Ағалар» деп аталатын туындысынан да көз жеткізуге болады. Ақын Мұхтар бейнесін жасауда Абай арқылы жол табады.

Қарашы, эне, Омарханұлы Мұхтарға,  
Емендер ғана осылай өсіп шықпай ма?  
Айта қойшы өзің, білмейтін оны жұрт бар ма?  
Тимесін көзің, тек, жаным, оған сұқтанба.  
[Тәжібаев, 2005:285]

немесе

Қарап тұр Абай. Көзінен жасы тамады,  
Бұл неткен халық? Мұның кім емін табады?  
Жиналған шақта иесіз қалған орынды,  
Естіртпей ғана егіліп іштей санадық.  
[Тәжібаев, 2005:285]

«Әдебиеттегі кез келген көркем бейне характерден тұрады, характер – әр адамның рухани, психологиялық ерекшелігі» – дейді. [2013, 578]. Характер яки мінез – образдың бір қыры, өзгеден ерекшелейтін сыры. Бір образ сандаған характерден құралады. Ол ерекшелік адамның жүрісі, тұрысынан, әрекетінен, ой өрісінен, мәдениетінен көрінеді. Осы тұрғыдан келгенде ақын Мұхтардың образын ерекше характерімен, жүрісі, дауысы, мінезімен, кең пейілімен көрсетпек болған.

Менің де бар ұстаздарым үлгілі  
Бәрі өнеге ісі, сөзі, киімі,  
Жүріс тұрыс ... бүкіл тыныс тірлігі.  
Баяғыдай олар іні, біз аға!  
[Тәжібаев, 2005:373]

Ақын ұстазының бүгінгі халыққа ашына да, қимай қарағанын, елі деп соққан жүректерінің лүпілін оқырманға жеткізуге тырысады. Өлеңінің соңында:

Тартатын емес тізгінді Мұхан, түсіндім,  
Келемін көріп ұшқанын қыран құсымның.  
Қазақтың желі қанат боп оны көтерді,  
Құс болып аға, Қонбай ақ жерге өт енді!  
[Тәжібаев, 2005:286] –

деп, ұстазына жүрекпен тіл қатып, іштей сырласуымен аяқталады.

Адам образын жасау үшін жазушы сол образды жасай алатын сапалы материал қарастыруы қажет. Ол материал – әрекет, оқиға, тартыс. Адам образын ол тетіксіз жасауға болмайтынын, нашар мінездеумен характер жасап шығару дәстүрі дұрыс еместігін ескеру қажеттірек. [Айтжанова, 2002: 394] Сол себепті, кез келген образды өлең өрнегіне салу, Абайша айтқанда қиыннан қиыстыру шын ақынның жетістігі. Ал, ең қиыны қарапайым ғана күнделікті өмірде кездесетін образды өзгеден ерек, көркем етіп көрсетіп нағыз шын шебердің таланты болмақ. Ал, енді жоғарыдағы мәліметтерді тәрбие тұрғысында қалай қолданамыз деген сұрақ туындайды. Орта білім беретін мекемелерде, ЖОО-да қосымша курс ретінде өтілетін болса, жастардың рухани жетілуінде үлгі тұтар тұлғаларының бірі ұлы ұстаздарымыз болмасына кім кепіл? Сол арқылы да жастардың бойындағы патриоттық сезімді оятуымыз да мүмкін. «Танып білу әрекеті эмоцияға да байланысты. Оқу үрдісінде поэзия эмоция арқылы тәрбиелі сезімге, адамның мінез-құлқына, ой-дүниесіне, ерекше әл беріп, оның мазмұн мағынасын байытып отырады» [Айтжанова, 2002: 108] – деген сөздер оған дәлел.

### Қорытынды

Ұстаз – мәңгілік мамандық. Тарихи жағдайларға байланысты болатын қоғам ахуалындағы кез келген өзгерістер білім жүйесіне де әсерін тигізбей қоймасы анық. Ұстаз да заманына қарай өзгеріп, бейімделіп отырады. Ал бұл жағдай мұғалім мен өзге адамдар арасындағы, ең бастысы, мұғалімдер мен оқушылар арасындағы қарым-қатынастарға өз әсерін тигізері сөзсіз. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында ел келешегі – жас ұрпаққа ұлттық тәлім

тәрбие беру мәселесіне баса назар аударылғаны белгілі. Өзге халықтар сияқты қазақ елінің де бала тәрбиесі жөнінде атам заманнан жиып терген мол тәжірибесі бар. Қазіргі таңда жастар тәрбиесі барлығымызды алаңдатып отырған

мәселе. Сондықтанда барынша жаңадан өсіп келе жатқан өскелең ұрпақ бойына жаңашылдықпен қатар ұлттық құндылықтарды да сіңіре білу біздің басты міндет болуға тиіс. Себебі, жастар – ертеңгі орта буын, келешек.

### Әдебиеттер

- Әлімбаев М. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2009. 1-том. – 400 б.  
Құнанбаев А. Өлең – сөздің патшасы. – Жидебай: Халықаралық Абай клубы, 2006. – 591 б.  
Бекқожин Қ. Шығармалар жинағы. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2014. III том. – 297 б.  
Тәжібаев Ә. Аралдар: Өлеңдер мен дастандар. – Алматы: Раритет, 2005. – 264 б. – «Алтын қор кітапханасы».  
Классикалық зерттеулер: Көп томдық. – Алматы: Әдебиет әлемі, 2013. 15-том. – 412 б.  
Айтжанова Қ. Қазақ әдебиетін оқытудың әдіснамасы: оқу құралы. – Алматы: «Ғылым» ғылыми баспа орталығы, 2002. – 326 б.

### References

- Alimbaev M. (2009). Kop tomdyq shygarmalar zhinagy. [Collection of works in multivolume] Almaty, 400 b. (In Kazakh)  
Aytzhanova Q. (2002). Kazakh adebyetyn oqytu adistemesy. Oqu quraly. [Methodology of teaching Kazakh literature. Studies' benefit.] Almaty, 326b. (In Kazakh)  
Bekkozhin K. (2014). Shygarmalar zhinagy. [Collection of essays.] Almaty, 297b. (In Kazakh)  
Kunanbaev A. (2006). Olen sozdyn patshasy. [Poem-the king of the word.] Zhidebay, 591b. (In Kazakh)  
Classicalyq zertteuler: Kop tomdyq. [Classical studies: Multivariate.] Almaty, 412b. (In Kazakh)  
Tazhibayev A. (2005). Araldar: Olender men dastandar. [Islands: Poems and legends.] Almaty, 264b. (In Kazakh)